



201___ жылғы _____

Астана, Үкімет Үйі

«___» _____ 201___ г.

№ _____

09.11.2017-ғы № 11-6/2800 шығыс хаты

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2017 жылғы 13 қазандағы
№ ДС-246 сауалға*

Құрметті депутаттар!

Қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абай Құнанбайұлының 2020 жылы болатын 175 жылдық мерейтойының дайындық шараларына қатысты Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Абайдың туған еліне, Қарауылға, Жидебай жеріне баратын жолдың жағдайы, сондай-ақ ескерткіш белгілер орнату туралы

2008 – 2015 жылдар аралығында жалпы ұзындығы 182 км болатын «Семей – Қарауыл» облыстық маңызы бар автомобиль жолының ұзындығы 20 км болатын екі учаскесінде (16-26 км, 60-70 км) күрделі жөндеу және ұзындығы 33,7 км болатын екі учаскесінде (27-59 км, 179+300-181 км) орташа жөндеу жүргізілген.

Ағымдағы жылы аталған жолдың ұзындығы 15 км болатын 3 учаскесінде (95-101 км, 106-112 км, 138-141 км) орташа жөндеу жүргізілуде.

Сонымен бірге, Инвестициялар және даму министрлігі 2018 жылы аталған жолдың 70-95 км учаскесінде орташа жөндеу жүргізу мәселесін қарастыруда.

«Семей-Қарауыл» жолы бойындағы Бөрілі, Сырт Қасқабұлақ, Ақшоқы, Әйгерім бұлағы, Еңлік-Кебек зираты, Үйтас, Жидебай қорығы тәрізді тарихи жерлерді насихаттау мақсатында ескерткіш белгілер мен жол сілтегіштер қойылды, бұл жұмыс автожол учаскелерінде жөндеу жұмыстарының өткізілуіне қаражалғасатын болады.

Киелі жерлерді анықтау, ғылыми тізімдеу мен жүйелеу барысында Абай елін ерекше ескеру туралы

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Қазақстандағы жалпыұлттық маңызы бар 100 киелі нысанның тізімі қалыптастырылды.

Тізімге «Абайдың «Жидебай- Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық музей-қорығының ескерткіштері» деген атаумен барлығы 31 тарихи жерлерді біріктірген ескерткіштер кешені (Абайдың музей үйі, Абай-Шәкәрім кесенелері, Абайдың аналары Ұлжан мен Зеренің мазары, Кеңгірбай би кесенесі, М. Әуезовтің музей үйі, Шәкәрімнің саят қорасы және т.б.) енгізілді.

Сонымен қатар, киелі жерлерді анықтау, ғылыми тізімдеу мен жүйелеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі жанынан құрылған «Қасиетті Қазақстан» өлкетануды дамыту орталығының ұйымдастыруымен тарихшылар мен өлкетанушылардың қатысуымен ұлы ақынның туған жеріне ү.ж. қазан айында өткізілген ғылыми экспедицияның нәтижесінде аталған киелі жерлерге қатысты материалдар (фотолар, аңыз-әңгімелер т.б.) жинақталды.

Республикалық «Абай оқулары» байқауын халықаралық деңгейге өткізу, қазақ әдебиетінің өзге ұлы өкілдерінің осындай оқуларын ұйымдастыру, сондай-ақ шетелдерде оқу үшін осындай конкурстардың жеңімпаздарына және жүлдегерлеріне мемлекеттік білім беру гранттарын беру туралы

Бүгінде Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) «Абай оқулары» байқауын халықаралық деңгейде өткізу мәселесін қарастыруда. Басқа мемлекеттер тарапынан байқауға қызығушылық болған жағдайда, байқауға халықаралық мәртебе бере отырып және байқауды қаржыландыру мәселесін шешу арқылы, оны ұйымдастыру және өткізу бойынша Халықаралық ұйымдастыру комитеті құрылады.

Сондай-ақ Министрлік балдары тең болған жағдайда мемлекеттік білім беру гранттарын алу артықшылықтарына ие болатындардың қатарына Республикалық Абай оқулары байқауының жеңімпаздарын қосу мәселесін пысықтауда. Бұл ретте республикалық бюджет есебінен білім беру гранттары ұлттық бірыңғай тестілеудің немесе кешенді тестілеудің нәтижелері бойынша сертификаттар балдарына сәйкес конкурстық негізде беріледі.

Қазіргі уақытта «Назарбаев университеті» ДБҰ шетелдік студенттерге арналған «Абай Құнанбаев» университет грантын ұсынуда. 2017 – 2018 оқу жылында аталған грантқа әлемнің 9 елінен 12 шетелдік студент ие болды.

Еліміздің қазақ әдебиетінің ірі өкілдерін жас ұрпаққа насихаттау, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың бойында поэзияға деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында Министрлік жалпы білім беру мектептерінің оқушылары үшін жыл сайын «Абай оқуларын», «Әбіш оқуларын», «Мағжан оқуларын», «Мәшһүр Жүсіп оқуларын», «Мұқағали оқуларын», «Жыр алыбы – Жамбыл» жас ақындар республикалық байқауын және басқа да байқауларды ұйымдастырады.

Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» жобасы аясында жергілікті атқарушы органдар республикалық және облыстық деңгейде түрлі шығармашылық іс-шаралар өткізіп отырады.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында Семей, Тараз, Түркістан, Сарайшық, Ұлытау т.б. жерлерді біріктіретін туристік бағыттар ұйымдастыру мүмкіндігіне қатысты

Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасында 6 мәдени-туристік кластер құру жоспарланған.

Солардың қатарында Шығыс Қазақстандағы «Алтай маржаны» кластеріне кіретін маңызды туристік қызығушылық тудыратын орындардың бірі ретінде Семей қаласы мен Абай ауданы (Жидебай) да жатады.

Сонымен қатар, аталған Тұжырымдамада әр өңірде қолжетімді туристік маршруттарды әзірлеу, олардың тізімін жасау және туристік маршруттарды дамыту да қарастырылған.

Бүгінде Шығыс Қазақстан облысы бойынша киелі, тарихи-мәдени, емдік-сауықтыру жерлер бойынша 24 туристік бағыт іске қосылған. Солардың 6 бағыты ұлы ақынның елін таныстыруға арналған.

Қазақстанның киелі жерлерін (Семей, Тараз, Түркістан, Сарайшық, Ұлытау т.б.) біріктіретін туристік бағыттарды әзірлеу мәселесін Мәдениет және спорт министрлігі облыстық әкімдіктермен бірлесіп қарастыруда.

Е. Досаев